



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**«ЖҮЙЕЛІК КӘСПКЕРЛІК: УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ, БИЗНЕС
ПЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ КООПЕРАЦИЯСЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ
ЖАҒДАЙЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ*

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции

**«СИСТЕМНОЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО: ТЕКУЩЕЕ
СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ КООПЕРАЦИИ
УНИВЕРСИТЕТОВ, БИЗНЕСА И ГОСУДАРСТВА»**

WORKS

of the International scientific and practical conference

**«SYSTEMIC ENTREPRENEURSHIP: THE CURRENT STATE
AND PROSPECTS OF COOPERATION BETWEEN
UNIVERSITIES, BUSINESS AND THE STATE»**

Нұр – Сұлтан, 2022

УДК 330
ББК 65
Ж 85

Рецензенты: вице-президент университета «Туран», д.э.н., профессор Алиев О.Ж.

профессор Евразийского национального университета им.Л.Н.Гумилева, к.э.н. Мажитов Д.М.

Редакционная коллегия

Майдырова А.Б. – д.э.н., профессор, заведующий кафедрой, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

Мырзахмет Ж.К. – PhD, доцент, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

Мырзахмет М.К. – к.ф/м.н., доцент Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

Ауелбекова А.К. – к.э.н., доцент, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

ISBN 978-601-337-675-2

«Жүйелік кәсіпкерлік: университеттердің, бизнес пен мемлекеттің кооперациясының ағымдағы жағдайы мен перспективалары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. -224б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Системное предпринимательство: текущее состояние и перспективы кооперации университетов, бизнеса и государства». –Нур-Султан: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2022. -224с.

Works of the International scientific and practical conference «Systemic entrepreneurship: the current state and prospects of cooperation between universities, business and the state». - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. -224p.

УДК 330
ББК 65

ISBN 978-601-337-675-2

- © Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022
- © Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022
- © L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

11. Bergman E.M. and Feser E.J. (1999). Industrial and Regional Clusters and Comparative Applications, Regional Research Institute. WVU
12. Александрова А.Ю. Туристские кластеры: содержание, границы, механизм функционирования // Экономические проблемы развития сервиса и туризма. 2007. - № 2. - С.52
13. Michel Julian (2010). Joining forces for Competitive and Sustainable Tourism Clusters.TCI's 1st Global Thematic Conference on Tourisms Clusters, pp. 1-32
14. Васильева Л.В. Организационно-экономический механизм обеспечения устойчивого развития туризма в регионе: автореф. дис. канд. экон. наук. Санкт-Петербург, 2006. С. 18
15. Кружалин В.И. Научные основы формирования туристско-рекреационных кластеров на принципах государственно-частного партнерства // Устойчивое развитие туризма: стратегические инициативы и партнерство: Международная научно-практическая конференция. - Улан-Удэ, 2009. - С. 308-316
16. Бойко А.Н. Формирование туристских кластеров как инструмент развития внутреннего туризма в России // Вестник Евразийской академии административных наук. - 2013. - №1(22). - С.97-105
17. Александрова А.Ю. Кластеры в мировой индустрии туризма: [региональная экономика и агломерация взаимозависимых фирм] // Вестник Московского университета. Сер. 6.Экономика. - 2007. - Сент./окт. (№ 5). - С. 43-62.

ӘОЖ 338.012


ҚЫТАЙДЫҢ ШЕТЕЛДЕГІ МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ИНВЕСТИЦИЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Дарханбай Әлия

aliyadaerhanbai@gmail.com

«Экономика» мамандығының магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Хойч А.

Негізгі энергетикалық ресурс ретінде шикі мұнай мен табиғи газ ұлттық экономиканың дамуына маңызды әсер етеді. Шикі мұнай мен табиғи газ қоры ұлттық энергетикалық қауіпсіздік пен экономикалық тұрақтылықта маңызды рөл атқарады. Қытай қазіргі уақытта әлемдегі ең ірі өнеркәсіптік мемлекет және экономикасы жағынан екінші алпауыт ел. Мұнай мен газ энергиясын тұтынуға үлкен сұраныс бар бірақ өзінің оның мұнай мен табиғи газ қоры халықаралық бәсекеде басым емес [1].



Сурет – 1. Қытай шикі мұнай және табиғи газ импортының көлемі
 Ескерту: [2] әдебиет негізінде автормен құрастырылды

Қытай қазіргі уақытта шикі мұнай мен табиғи газ импортына аса тәуелді. Жоғарыда келтірілген деректерден Қытайдың шикі мұнай мен табиғи газға импорттық сұранысы өте үлкен екенін көруге болады. Статистикаға сәйкес, 2020 жылы шикі мұнай импортына тәуелділік 73%-ға дейін көтерілді, бұл халықаралық қауіпсіздік ескерту сызығынан әлдеқайда жоғары.

Импорты қамтамасыз ету үшін Қытай соңғы 30 жылда әлемге көп инвестиция салды. 2020 жылға қарай кооперация бизнесі 40-тан астам елдер мен аймақтарды қамтыды. Қытайдың қазіргі шетелдегі мұнай және газ инвестицияларының көпшілігін PetroChina, Sinorec және CNOOC сынды үш мемлекеттік компаниялар жүргізеді [3].

Қытай Кәсіпорын Конфедерациясы 2020 жылы шығарған «Ең үздік 100 Қытай трансұлттық компаниясы» тізіміне сәйкес қазіргі уақытта шетелдегі активтер көлемі бойынша аталмыш PetroChina, Sinorec және CNOOC үш компания алғашқы төрттікке кіріп отыр. Бұл үш компания Қытайдың мұнай-газ саласындағы шетелдік инвестициясының негізгі күші ретінде, жыл сайын Қытайға мұнай мен газды тасымалдайды және Қытайдың мұнай-газ қауіпсіздігіне кепілдік береді.

Олардың ішінде Қытай ұлттық мұнай корпорациясы (CNPC) -нің жалпы шетелдегі активтері, шетелдегі операциялық кірісі және жалпы шетелдегі қызметкерлер (жергілікті қызметкерлер мен халықаралық қызметкерлерді қоса алғанда) Қытай компаниялары арасында бірінші болып орныққан. Төменде біз осы үш қытайлық компанияны қысқаша қарастырайық.

Бірінші: Қытай ұлттық мұнай корпорациясы (CNPC - China National Petroleum Corporation): Қытайдағы ең ірі мұнай және газ өндіруші әрі жеткізуші компания. Қызметінің негізгі бағыттары мұнай-газ бизнесі, инжинирингтік және техникалық қызметтер көрсету, мұнай-газ жабдықтарын салу, мұнай жабдықтарын өндіру, қаржылық қызметтер көрсету және энергетиканың жаңа

түрлерін дамыту болып табылатыды. Қазіргі уақытта ол әлемнің 35 елінде және аймақтарында мұнай және газ инвестициялық бизнесін жүргізеді. 2021 жылы PetroChina Fortune Global 500 рейтингінде төртінші орынға ие болады. 2020 жылы ол әлемнің 50 ірі мұнай компаниясының жан-жақты рейтингінде үшінші орынды иеленді.

2020 жылы CNPC жалпы құны 335 миллиард доллардан асатын 741 шетелдік проектны жүзеге асырды. Африкада, Суданның Хартум қаласында 5 миллион тонна мұнай өңдеу зауытының құрылысын аяқталды; Орталық Азияда бірнеше жоба құрастырды. Мысалы Орталық Азияда А\В\С трубосының барлық компрессорлық станциялардың құрылысын салды. Қазақстанда мұнай мен газ дайындаудың үшінші және төртінші қондырғылары салынды. Компанияның шетелдік ең ірі мұнай өңдеу жобасы-Шымкент МӨЗ-ін жаңғырту жобасын орындады. CNPC статистикасы бойынша, 2019 жылы CNPC шетелдік мұнай-газ активтерін өндірудің баламалы көлемі 104 миллион тоннаға жетті.

Екінші: Қытай мұнай және химия корпорациясы (China Petroleum and Chemical Corporation). 1983 жылдың шілдесінде құрылды. Компания Қытайдың өңделген мұнай және мұнай-химия өнімдерінің ең ірі жеткізушісі, екінші ірі мұнай және газ өндірушісі, әлемдегі ең ірі мұнай өңдеу компаниясы, екінші ірі химиялық компания және жанармай құю станцияларының жалпы саны әлемде 2-ші орында және 2020 жылғы Fortune Global 500 рейтингінде 2-ші орында.

China Petroleum and Chemical Corporation ресми веб-сайтының деректері бойынша, 2020 жылға дейін Қытай ұлттық мұнай-газ және химия корпорациясы әлемнің 24 елінде мұнай мен газды барлау және дамыту бойынша 46 жобаға инвестиция салды. 2020 жылы Мысырда, Эквадорда, Бразилияда, Анголада, Ресейде және т. б.

Мұнай мен газ саласындағы жетістіктерге қол жеткізілді, 2P қорлары мен 2C ресурстарына 7,33 миллион тонна мұнай эквивалентін қосып, өндірістің дамуы мен құрылысын тұрақты түрде алға тартты, жыл ішінде 390 жаңа ұңғыманы бұрғылады (үлестік қатысуды қоса алғанда), 505 жаңа ұңғымалар іске қосылды және 3,32 миллион тонна жаңа өндірістік қуаттылық салынды.

Үшінші: Қытай ұлттық теңіз мұнай корпорациясы (China National Offshore Oil Corporation Limited - CNOOC): Қытай ұлттық теңіз мұнай корпорациясы 1982 жылы 15 ақпанда құрылған аса ірі мемлекеттік кәсіпорын және Қытайдың теңіздегі мұнай мен газ өндірудегі ең ірі операторы болып табылады. 2020 жылы CNOOC Fortune Global 500 рейтингінде 64-ші орынға ие болды және Petroleum Intelligence Weekly (PIW) таңдаған «Әлемдегі ең ірі 50 мұнай компаниясы» арасында 30-шы орынға ие болды.

CNOOC компанияның 2020 жылға арналған жылдық есебіне бойынша, қазіргі уақытта CNOOC 40-тан астам ел мен өңірде жұмыс істейді, мұнай-газ саласындағы ынтымақтастықтың 90-нан аса жобасын жүзегі асырады және "Белдеу және жол" бастамасы аясында шетелде мұнай мен газ өндірудің жалпы көлеміндегі мұнай мен газ өндіру үлесі 40%-ға дейін ұлғайды. 2020 жылы компанияның шикі мұнайын шетелде өндіру 31,87 миллион тонна мұнай баламасын, ал табиғи газды өндіру 10,5 миллиард текше метрді құрайды. 2020

жылы компания жалпы 29,75 млн тонна сұйытылған табиғи газды импорттады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5%-ға артық [4].

Үш компания инвестиция салған елдердің саны мен көлемі, шикі мұнай мен табиғи газды жинау және өңдеу технологиясы бойынша әлемде жоғары мәртебеге ие.

Қазіргі уақытта Қытайдың мұнай-газ энергетикасына жаһандық инвестициялау тенденциясына сүйенсек, бір жағынан жаңа коронавирустың тұрақсыз әсерінен және Ресей мен Украина арасындағы қақтығысқа байланысты қытайлық компаниялардың әртүрлі елдердегі инвестициясы азайды.

Екінші жағынан, РСЕР келісіміне қол қою және «Белдеу мен жол» бойындағы инвестицияны ілгерілету арқылы Қытай мен «Белдеу және жол» туысқан елдердің ынтымақтастығы да тереңдей түседі және инвестициялық перспективалар кеңейеді.

Қазіргі уақытта «Жібек жолы» аймағындағы энергетикалық инвестиция мен құрылыс әлі де өсуге үлкен мүмкіндіктерге ие. «Жібек жолы» құрылысы аясында Қытай мен жол бойындағы елдер арасындағы инвестициялық ынтымақтастық тереңдей түсті. Мұның барлығы қытайлық компанияларға шетелдік инвестиция мен ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін жақсы даму платформасы мен мүмкіндік береді.

2021 жылдың наурыз айында Қытай мен Иран 25 жылдық мұнай сатып алу стратегиялық келісіміне қол жеткізді. Қытайдың мұнайға үлкен сұранысын қанағаттандыру үшін Ираннан мұнай импорттауды жалғастырады, ал Иран Қытайдың энергетикалық қауіпсіздігіне де кепілдік береді.

Сонымен қатар, Қытай «жан-жақты экономикалық серіктестік туралы аймақтық келісім (РСЕР)» қол қойды. Қытай мен ЕО арасындағы инвестициялық келісім бойынша келіссөздер аяқталды. Сонымен қатар, СРТРР-ге қосылу мүмкіндігін белсенді түрде қарастырды.

Жалпы, Қытайдың мұнай мен газдан энергияға деген сұранысы 2030 жылға қарай ең жоғары деңгейге жетеді деп күтілуде. Осы энергетикалық трансформация процесінде мұнай мен табиғи газ Қытайдағы маңызды энергия көздерінің бірі болып қала береді және Қытайдың мұнай-газ энергетикасына шетелдік инвестициялары да күннен-күнге артады деп болжауда.

Қолданылған әдебиеттер

1. <https://www.globalfirepower.com/oil-production-by-country.php>
2. <https://www.ceicdata.com/zh-hans/indicator/china/crude-oil-imports>
3. <https://www.ceicdata.com/zh-hans/indicator/china/natural-gas-imports>
4. <https://m.maigoo.com/news/567303.html>